



БҰЙРЫҚ

2017 ж. 28. 11

Павлодар қаласы

ПРИКАЗ

№ 196

город Павлодар

**2017-2019 жылдарға арналған
бюджеттік бағдарламаларды
қайта бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 32-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 195 бұйрығымен бекітілген Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарға, облыстық мәслихатының (VI сайланған XVII (кезектен тыс) сессиясы) 2017 жылғы 22 қарашадағы «Облыстық мәслихат сессиясының (VI сайланған X сессиясы) «2017-2019 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» 2016 жылғы 12 желтоқсандағы №76/10-шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №163/17-шешіміне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2017-2019 жылдарға арналған қоса берілген бюджеттік бағдарламалар қайта бекітілсін:

- 002 «Облыстық деңгейдегі спорттық жарыстарды өткізу»;
- 003 «Облыс құрама командалары мүшелерінің спорт түрлерінен республикалық және халықаралық спорттық жарыстарға даярлық жасауы және қатысуы»;
- 006 «Балалар мен жасөспірімдерге спорт бойынша қосымша білім беру»;
- 007 «Спортта дарынды балалардың мамандандырылған білім беру ұйымдарында жалпы білім алуы»;
- 032 «Мемлекеттік ведомстволық қарасты мекемелер мен ұйымдардың нысаналы салым салуы»;
- 113 «Жергілікті бюджеттегі нысаналы ағымдағы трансферттер».

2. Павлодар облысы дене тәрбиесі және спорт басқармасы басшысының 2017 жылғы 26 қазандағы №157 «2017-2019 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламаларды бекіту (қайта бекіту) туралы» бұйрығы күші жойылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау 2017 жылғы 19 маусымдағы «Бюджеттік бағдарламаның басшысын бекіту туралы» № 85-бұйрығына сәйкес бюджеттік бағдарламаның басшысына жүктелсін.

4. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басқарма басшысы



М. Айдашев

«КЕЛІСІЛДІ»

Павлодар облысы экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы

 М.Қ. Тұрлыбаев

2017 жылғы « » _____



Бюджеттік бағдарламаларды
(кіші бағдарламаларды) әзірлеу және
бекіту (қайта бекіту) қағидаларын және
олардың мазмұнына қойылатын талаптарға

2-қосымша

нысан

Павлодар облысы дене тәрбиесі және спорт
басқармасы басшысының

2017 жылғы "28" А
№196 бұйрығымен бекітілген

Мөр орны

**Павлодар облысы дене тәрбиесі және спорт басқармасының
2017-2019 жылдарға арналған
285.002.000 бюджеттік бағдарламасы**

бюджеттік бағдарламаның коды мен атауы:	08.02.285.002.000 "Облыстық деңгейдегі спорттық жарыстарды өткізу"
бюджеттік бағдарлама басшысы	Марат Сұлтанбекұлы Айдашев - дене тәрбиесі және спорт басқармасының басшысы

Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі:	<p>Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдедегі "Дене шынықтыру және спорт туралы" №228-V-Заңы;</p> <p>ҚР Қаржы министрінің 2015 жылғы 11 желтоқсандағы "Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы" №648-бұйрығы;</p> <p>ҚР Үкіметінің 2000 жылғы 22 қыркүйектегі "Мемлекеттік бюджеттің есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Парламенті депутаттарының Қазақстан Республикасының шегіндегі қызметтік іссапарлары туралы ережені бекіту туралы" № 1428 қаулысы ;</p> <p>ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы "Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы" №1193-қаулысы;</p> <p>ҚР Мәдениет және спорт министрінің 2015 жылғы 16 қарашадағы "Оқу-жаттығу процесі мен спорттық іс-шаралар кезеңінде спортшыларды, оның ішінде барлық санаттағы әскери қызметшілерді және құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлерін тамақтандыру және фармакологиялық қамтамасыз ету нормативтерінің әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт Министрінің 2014 жылғы 22 қарашадағы № 107 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы" №353-бұйрығы</p> <p>ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің 2014 жылғы 4 қарашадағы"Спорттық іс-шараларды өткізу ережелерін бекіту туралы" №74-бұйрығы;</p>	
Бюджеттік бағдарламаның түрі	мемлекеттік басқару дәрежесіне байланысты	облыстық
	мазмұнына байланысты	мемлекеттік қызметтерді, өкілеттіліктерді іске асыру, одан туындайтын мемлекеттік қызметтерді ұсыну.
	іске асыру тәсіліне байланысты	жеке
	ағымдағы/дамыту	ағымдағы бюджеттік бағдарлама
Бюджеттік бағдарламаның мақсаты	бұқаралық спортты және шынықтыру-сауықтыру қозғалысын дамыту	
Бюджеттік бағдарламаның қорытынды нәтижелері	<p>Дене шынықтыру және спортпен шұғылданатын азаматтарды қамту: 2017 жыл - 29,8%; 2018 жыл - 30,1%; 2019 жыл - 30,4%.</p> <p>балалар мен жасөспірімдердің санынан БЖСМ-нде, дене-күш даярлығының спорт клубтарында дене шынықтыру және спортпен шұғылданатын 7 жастан бастап 18 жасқа дейінгі балалар мен жасөспірімдерді қамту: 2016 жыл - 25,0 %; 2017 жыл - 25,2%; 2018 жыл - 25,3%, 2019 жыл - 25,1%.</p>	
Бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (негіздемесі)	Облыстық деңгейдегі спорттық жарыстарды өткізу	

Бюджеттік бағдарлама бойынша шығындар, барлығы

